REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 2224-5227
Volume 2, Number 300 (2015), 164 – 166

UDC 615. 8314 T 22

Influence of heliogeomagnetic activity of the Sun on some physiological indicators of a human body

Tastemirova B.T.
bibka-087@mail.ru
International of Kazakh-Turkish University named after Khozha Akhmet Yassawi,Turkistan, Kazakhstan

Keywords: Heliogeomagnetic activity of the Sun, change of a tone of cardiovascular and neuro and endocrine systems, fluctuations of a magnetic field of Earth.

Abstract. Results of research of influence of heliogeomagnetic activity of the Sun on some physiological indicators by person are considered in this article.

It is established that heliogeomagnetic factors of the Sun cause changes of a tone of bodies and systems, first of all, of neuroendocrine and cardiovascular systems that further leads to development of nonspecific reaction as the general adaptation syndrome.

Күн гелиогеомагниттік белсенділігінің адам ағзасының кейбір физиологиялық көрсеткіштеріне әсері

Тастемирова Б.Т.
Bibka-087@mail.ru
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: Күннің гелиомагниттік белсенділігі, нейро-эндокриндік және жүрек-қан тамыр жүйелері тонусының өзгеруі, Жердің магнит өрісінің тербелістері.

Аннотация. Мақалада Күннің гелиогеомагниттік белсенділігінің адамның кейбір физиологилық көрсеткіштеріне әсерінің зерттеу нәтижелері келтірілген.

Күннің гелиогеомагниттік факторлары мүшелер мен жүйелер, ең алдымен, нейро-эндокриндік және жүрек-қан тамыр жүйелері тонусының өзгеруіне, әрі қарай жалпы адаптациялық синдром түрінде реакция дамуына әкеп соқтырады.

Кіріспе. Соңғы жылдарда Күн белсенділігінің адам ағзасына әсер етуі туралы мәліметтер пайда болды [1,2]. Жүрек-қан тамырларының аурулары санының өсуі Күнде болып жатқан түрлі процестер және Жердің магнит өрісінің тербелістері себебінен болуы айтылуда [3,4].

Бұлардың бәрі Күннің гелиогеомагниттік белсенділігі мен адам ағзасының жағдайының өзара байланысының ерекшеліктерін зерделеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу мақсаты – Күн гелиогеомагниттік белсенділігінің адам ағзасына әсер етуінің сипатын физиологиялық көрсеткіштерді зерделеу жолымен айқындау.

Зерттеу міндеттері – Оңтүстік-Қазақстан облысы Түркістан қаласында жүрек-қан-тамырлары ауыруларымен ауырған науқастарды Күннің гелиогеомагниттік белсенділігі кезеңінде бақылау, кейіннен олардың алдын алу бойынша емдеу-профилактикалық іс-шаралар жоспарын жасау.

Зерттеу әдістері.

А) Бақыланушылар сипаттамасы. 35 адам бақыланды, олардың 10 – тексеру және 25 – тәжірибе өткізу тобын құрады. Тәжірибе өткізу тобына жүрек-қан тамырларының ауруларымен науқастанған, орташа жасы 61-75 жасты құрағандар енді. Тексерудің барлық нәтижелері унификацияланған тәсім бойынша хаттамаланды, сонымен бірге науқастардың жынысы, жасы және антропометриялық көрсеткіштері, тұрмысы және ауруларының анамнезі, ілеспелі аурулары